



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

24 мамыр
сенбі

№38 (2151)

2025 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Сыңғырла, күміс қоңырау!

Тағы бір оқу жылы аяқталды. Бұл күн әсіресе мектеп түлектері үшін маңызды. Жүрегі лүп-лүп, білім ұясынан түлеп ұшқан түлекті енді мектеп бітіру салтанаты, одан кейін ҰБТ сынағы, мамандық таңдау күтіп тұр. Кеше республика бойынша 200 мыңнан астам оқушы мектеп бітірді. «Мектебім, саған мың алғыс» тақырыбында түлектердің мектеп бітіру салтанаты болып өтті.



Кейінгі жылдары мектеп бітіру кешінің өзі біраз қаржыны талап ететіні жиі айтылады. Салтанатты кеш, безендіру, әдемі киім, сыйлық және тағысын-тағы айналып келгенде ата-ананың қалтасына салмақ екені даусыз. Қоғам үшін ең бастысы, сән-салтанат емес, саналы тәрбие мен сапалы білім алған ұрпақтың өмірден өз орнын

табуы екені белгілі. Бұл мәселе Үкімет отырысында да айтылып, Үкімет басшысы Олжас Бектенов балаларды қай жаста да қараусыз қалдырмау қажеттігін айтты.

– Ата-аналарға айтарым, мектеп бітіру кештерінде, ең бастысы жазғы демалыс кезінде балаларды қараусыз қалдырмаған жөн. Осыған баса көңіл бөлуді сұраймын.

Ата-ананың аялы алақаны мен мейірімі баланың жанын жақсылыққа бөлейді. Олардың бойындағы адамгершілік негіздері, қоғамдық ортадағы іс-әрекеті мен отаншылдық қасиеттерінің барлығы, бірінші кезекте отбасында қалыптасады. Ешқандай министрлік ата-ана қамқорлығы мен тәрбиесін алмастыра алмайды.

Еліміздің лайықты азаматтарын тәрбиелеу – мемлекет пен қоғамның бірлескен үлкен еңбегінің жемісі. Сондықтан саналы, білімді және нағыз отаншыл азаматтарды қалыптастыруда күш-жігерімізді нығайта түсейік дегім келеді», – деп атап өтті Үкімет басшысы.

2-БЕТТЕ

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҚТАРЫ ТИІМДІ МЕ?

Әлемнің көптеген елінде оқушылар мектептен тыс қосымша сабақтарға қатысады. Жапония мен Оңтүстік Кореяда оқушылардың барлығы дерлік түрлі оқу орталықтарына барады. Қосымша білім беру индустриясы да қарқынды өсуде. «globeonews» жариялаған зерттеуге сүйенсек, қосымша білім берудің жаһандық нарық көлемі 2022 жылы 106 млрд АҚШ долларына, 2028 жылға қарай 177 млрд АҚШ долларына өседі деп болжайды. Қазақстанда да соңғы жылдары академиялық пәндер, шет тілдері, өнер, STEM сияқты бағыттарда қосымша білім беру орталықтары көптеп ашылууда. Ата-аналар баласының үлгерімін жақсарту, жоғары оқу орнына түсу мүмкіндігін арттыру үшін мұндай курстарға қомақты қаражат жұмсауға дайын. Ендеше, осы қосымша білім беру орталықтарының сапасы қандай, бағасы қолжетімді ме, кеңінен қамти алып отыр ма және оқушының жетістігіне шынымен әсер ете ме? Қазақстан және әлем тәжірибесі негізінде осы сұрақтарға жауап іздеп көрейік.



Сапа мен баға сай келе ме?

Қосымша білім беру орталықтарының білім сапасы көбіне ондағы мұғалімдердің біліктілігі мен бағдарламалардың мазмұнына байланысты. Көптеген орталықта мектеп мұғалімдері, тәлімгер мамандар сабақ береді, бірақ бұл салада бірыңғай стандарт жоқ. Нәтижесінде оқыту сапасы әртүрлі. Мысалы, тәжірибелі педагог жетекшілік ететін кейбір орталықтар оқушыларға сапалы білім беріп қана қоймай, түрлі жобалар мен жарыстарға қатысуға мүмкіндік береді. Дегенмен барлық оқу орталықтары жоғары деңгейде деп айту қиын. Кейбір коммерциялық бағыттағы ірі орталықтар жүздеген бала қабылдап, әр оқушының білім сапасына жеткілікті көңіл бөлмеуі мүмкін.

3-БЕТТЕ

Мұражай сөресінен тағы бір тарихи жәдігер орын алды. Бұл жәдігер – Қара Жүргеновтің (Темірбек Жүргеновтің әкесі) жеке балуаны Серәлі Дүйсенұлының саптама етігі. Бұл етік жай аяқ киім емес, тұтас бір дәуірдің тарихын шертпелі десек артық айтқандық емес.



МҰРАЖАЙ ТАҒЫ БІР ЖӘДІГЕРМЕН ТОЛЫҚТЫ

Бұл етік «Жас өлкетанушы» ғылыми – білім жобасы аясында Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейіне тапсырылды. Жобаны №117 орта мектептің 7-сынып оқушысы Еркенұр Қуанышбек пен оның жетекшісі Айнұр Нұрылдаева жүзеге асырды.

Серәлі Дүйсенұлы (1897–1955) халық арасында аты аңызға айналған тұлға. Ол Темірбек Жүргеновтің әкесі Қара Жүргеновтің жеке балуаны болған.

– Қара Жүргенов халықтың мүддесін ойлаған, дәулетті адам болған. Мемлекеттік архивтерде Қараның дәулетті кісі болғанын растайтын құжаттар жетерлік. Болыстық қызметімен қоса, бай, 4 жалшы ұстағаны, жеке күймесінің болғаны, жеке қыстауы мен шабындығы мол жайлауының болғандығы көрсетілген. Сонымен қатар 1926 жылы жеке қаражатына мешіт салдырғаны да құжаттарда қатталуы, – дейді жобаны орындаған Еркенұр Қуанышбек.

4-БЕТТЕ

ҮШ АЯҚТЫ АКУЛА НЕНІ МЕНЗЕЙДІ

немесе арзан күлкінің қаупі

Бүгінде әлеуметтік желі жастардың өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Әсіресе, TikTok сияқты платформаларда қысқа әрі әсерлі видеолар мен мемдер кеңінен таралып, әлемнің түкпір-түкпіріндегі жас ұрпақты өзіне тартуда. Мемдер – бұл көңіл көтеру құралы ғана емес, сонымен бірге жастардың өзін-өзі танытуы, ой-пікірін білдіру, әлеуметтік құбылыстарды әзілмен жеткізу.




Бұл не нәрсе өзі?

Соңғы уақытта TikTok желісінен жануарлар кейпіндегі мемдерді көрген шығарсыз. Бұл мемдер ЖИ көмегімен жасалып, қарапайым жануарлар бейнесін күлкілі әрі абсурдтық формада көрсетеді. Мұндай бейнелер жастардың назарын бірден аударады. Бұл күлкілі мемдер тек көңіл көтеру ғана емес, жастар мұны жаңа заман мәдениетінің бір бөлшегі ретінде қабылдауда. Бұл трендтің жастар, әсіресе «альфа» ұрпағына әсері маңызды. Өйткені олар технологиямен бірге өсіп, интернет мәдениетін күнделікті өмірінің негізі ретінде қабылдайды. Осыған байланысты, мемдердің мазмұны мен олардың психологиялық және танымдық әсерін түсіну маңызды.

«Tralalelo Tralala», «Bombardino Crocodilo», «Lirili Larila» сынды оғаш атаулар мен бейнелер жастардың миына күні-түні сіңіп жатыр. Аталған мем кейіпкерлері – жасанды интеллект арқылы жасалған, адам мен жануардың белгілерін біріктірген бейнелер. Олар оғаш қимылдар жасайды, мағынасы жоқ дыбыстар шығарады, тіпті диалогтары логикаға сай келмейді. Бірақ дәл осы мағынасыз дүние жастар мен балалар үшін тартымды болып отыр. Себебі олардың миы үнемі жаңа, ерекше, бұрын болмаған ақпаратты іздейді – ал бұл мемдер сол қажеттілікті толтыруда. Түрі жануар, сөйлеуі түсініксіз. Бұл мемдердің басты мақсаты – логиканы бұзу, күлкі арқылы ойсыздыққа жетелеу.

4-БЕТТЕ

ТАРИХТАН СЫР ШЕРТКЕН ҒИМАРАТТАР



Ел тарихындағы қилы оқиғаларға куә болған бұл өлке күні бүгінге дейін саяси, экономикалық, мәдени байланыстардағы маңызын жоғалтқан жоқ. Оның куәсі – аймақтағы көне қалалар мен қоныстардың орындары. Олардың әрқайсысы Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық тарихындағы мемлекеттердің дамуы мен саяси өмірінде өзіндік рөл атқарды. Сыр бойындағы осы ондаған қалалардың ішінде өз кезеңінде астаналық дәрежеге ие болып, тарихта қалған 4 қаланы ерекше атап көрсетуге болады. Олар: Арал маңын мекендеген сақтардың астанасы – Шірік-рабат, ортағасырлық Оғыз мемлекетінің астанасы – Жанкент, Қыпшақ хандығының, сонымен қатар Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы және Қазақ хандығының астанасы болған – Сығанақ және 1925-29 жылдары Қазақ АКСР-нің астанасы – Ақмешіт (Қызылорда) қалалары.

1925 жылы Қазақ автономиясы құрылғаннан кейін, жаңа республика үшін астана таңдау мәселесі алға шықты. Сол кездегі саяси жағдай мен инфра-құрылымға байланысты Қызылорда қаласы астана ретінде тандалып, Қазақстанның орталығы болды.

Қызылорда қаласы ел астанасы ретінде, сол уақыттағы республиканың саяси өмірінде маңызды рөл атқарды. Ол жаңа республиканың қалыптасу кезеңінде маңызды оқиғалардың куәсі болды.

Қазіргі кезде Қызылорда қаласының астана болған жылдары қаламыздың орталығында сол кезде салынған қалалық атқару комитетінің ғимараты сақталған. Ғимарат жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген. Ғимаратта 1927-1990 жылдары қалалық атқару комитеті орналасқан. 1991 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «ҚазАвтоЖол» Қызылорда филиалы мекемесі орналасуда. Сондай-ақ қалада 11 тарихи ғимараттар бар.

1. Айтбай мешіті (2021 жылы реставрациядан өткен);
2. Құтқарушы Христос шіркеуі (2014 жылы реставрациядан өткен);
3. Бұрынғы приход училищесі (қазіргі дүкен) ғимараты;
4. Облыстық әскери комиссариаттың шақыру пункті (бұрынғы казарма) (2014 жылы реставрациядан өткен);
5. Теміржолшылар клубы ғимараты (2009 жылы реставрациядан өткен);
6. Теміржол милиция ғимараты (қазіргі Ақмешіт музейі) (2004 жылы реставрациядан өткен);
7. №5 дүкен ғимараты;
8. Теміржол вокзалы ғимараты (2023 жылы құрделі жөндеуден өткен);
9. Қалалық монша ғимараты;
10. Транспорттық прокуратура ғимараты;
11. Көркем сурет шеберханасы ғимараты;

1. Айтбай мешіті ғимараты (республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші) - Айтбай қажының қаржысына Әулиеата шеберлері Ысқақ пен Камал салған. Мешіт ежелгі мұсылман культтік сәулет өнерінен өзгеше түрде салынды. Кенес Үкіметі тұсында мешіт ретінде қызметін тоқтатып, 1950 жылдары кинотеатр ретінде пайдаланылса, кейін ол жерге мектеп-интернат, 1970-1971 жылдары тігін цехы, Қызылорда қалпына келтіру мекемесі орналасқан. Тәуелсіздік алғаннан кейін ғимарат мешіт ретінде халыққа қызмет көрсетуде. 2021 жылы республикалық бюджет тарапынан қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

4-БЕТТЕ

Баспасөз-2025

**АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ
АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге 2025 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде.

**Қапы қалмаңыз, сүйікті
газетіңіз төріңізде тұрсын!**

Жекелер үшін

6 айға – 3000 теңге,

мекемелер үшін –

4000 теңге.

**Баспасөзге қатысты
сауалдарыңыз болса, мына
нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.**

Сыңғырла, күміс қоңырау!



Мектеп бітіру кешінде басы артық шығын шығаруға жол берілмейтіндігі туралы Қызылорда облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов БАҚ өкілдеріне берген брифингте атап айтты.

– Мектеп бітіру кештерін шамадан тыс сән-салтанатпен атап өту, кортеж ұйымдастыру, қымбат сыйлықтар беру сияқты әрекеттерге жол берілмеуі қажет. Мұндай даңғазалықтың кеңінен тарауына ешқашан рұқсат етпеуіміз керек. Балаларды білімнің шынайы мағынасы мен ұстаз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу – біздің ортақ міндетіміз. Осы мақсатта барлық білім беру ұйымдарына арнайы нұсқаулар беріліп, ата-аналармен жан-жақты түсіндіру жұмыстары жүргізілді, – деді ол.

Мемлекет тарапынан жастардың сапалы білім алуы, оларды жұмыспен қамту – басты назарда. Түлектердің мамандық алуы үшін оқу орындарында мемлекеттік грант жылдан-жылға артып келеді.

Басы 1-бетте

Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, қазіргі уақытта республикада 122 жоғары оқу орны, оның ішінде 10 зерттеу жоғары оқу орны және 23 филиал жұмыс істейді. 2024-2025 оқу жылында азаматтық жоғары оқу орындарында 680 мыңнан астам студент оқиды, оның ішінде 624,5 мыңы бакалавриатта, 39,2 мыңы магистратурада, 7,6 мыңы докторантурада және 8,9 мыңы резидентурада білім алуа. Кейінгі жылдары жастар педагогикалық мамандықтар, бизнес, басқару және құқық, инженерлік ғылымдар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, денсаулық сақтау – 10,3 мың және ауыл шаруашылығы саласын таңдаған.

Ғылым және жоғары білім министрлігі келтірген дерекке сәйкес, бүгінде Қазақстанның жоғары оқу орындарында 31,5 мың шетелдік студент оқиды. Алғаш рет Азиядан келген студенттердің саны ТМД елдерінен келген студенттердің санынан асып түсті, Азия елдерінен –

17456 адам болса, ал ТМД елдерінен – 12816 адам.

Студенттерді жұмыспен қамту шеңберінде 30 мыңнан астам студентті қамтитын «Жасыл ел» жобалары мен құрылыс отрядтары іске асырылуда. Сондай-ақ 140 мыңға жуық студентті қамтитын оқу және өндірістік практика жүзеге асуда. Айта кету керек, кәсіптік практикадан өту кезінде білім алушы белгілі бір еңбек міндеттерін орындайды, олар білім алушының еңбек өтіліне есептеледі.

Сонғы 5 жылда Қазақстанда гранттар саны 1,4 есеге өскен. 2024-2025 оқу жылына 93116 грант бөлінді (бакалавриат – 77084, магистратура – 13113, докторантура – 2919).

Сонымен қатар биылғы 1 қыркүйектен бастап білім алушылардың стипендиясы өседі. Бакалавриат үшін стипендияның өлшемі 52372 теңге, магистратурада 117098 теңге және докторанттар үшін 262500 теңгені құрайтын болады. Яғни, биыл

бакалавриат деңгейінде стипендия көлемі 2020 жылмен салыстырғанда 2 есеге, ал магистратура және докторантура деңгейінде 1,75 есеге артпақ.

Айта кетелік, биыл республика бойынша мектеп бітіруші түлектердің 183 мыңы ҰБТ-ға тіркелген. Өткен жылмен салыстырғанда тест тапсыруға қатысатындар саны 30 мыңға артқан.

Ал Қызылорда қаласы бойынша 3895 оқушы мектеп бітірді. Оның ішінде 273 оқушы «Алтын белгіге» үміткер. Қалалық білім бөлімінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, мектеп бітіру кешінде қаржы талап ететін безендірулер, аниматорлар, мерекелік агенттіктер, студиялар тартуға, мерекелік дастархан ұйымдастыруға, автокөлікпен кортеждіге, экскурсияға шығуға, табиғат аясына серуендеуге, өзен-көлдерге, шағын су алаптарына суға түсуіне тыйым салынған.

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

БРИФИНГ

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҒЫНА КӨҢІЛ БӨЛІНУДЕ



Аймақтағы 339 мектепте 184 мың оқушы білім алуа. Биыл «Алтын белгіге» үміткер түлек саны – 805. 18 маусым күні «Жолың болсын, жас түлек!» тақырыбында аттестат табыстаудың салтанатты рәсімімен биылғы оқу жылы түйінделеді.

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар орталығында «2024-2025 оқу жылының аяқталуы және мектеп түлектерінің ҰБТ-ға дайындығы туралы» тақырыбында өткен брифингте облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов баяндады.

Басқарма басшысының айтуынша, ұлттық бірінші тестілеудің шешуші кезеңі Қызылорда қаласы, Арал, Қазалы, Жанакорған аудандарындағы тестілеу орталығында өтеді. Оған 11-сыныптағы 9 531 түлектің 8 528 немесе 89,5 пайызы қатысады.

Сонымен қатар қорытынды бітіру емтихандары 9 сыныптағы 16306 білім алушы үшін 29 мамыр – 10 маусым, 11 сыныптағы 9531 бітірушінің мемлекеттік емтихандары 30 мамыр – 16 маусымда өтеді.

– Басқарма тарапынан арнайы бұйрық шығарылып, барлық білім беру ұйымдарының басшыларына мектеп бітіруші түлектердің ата-аналарына сәнді киім-кешекке жұмсалатын шығындардың орынсыз екені туралы түсіндірме жұмысы жүргізілді. Мерекелік дастархан ұйымдастыруға, жалға берілетін автокөлікті пайдалана отырып, қалада, қала сыртында экскурсия өткізуге, емтихан кезінде дастархан жаюға, сынып жетекшілеріне сыйлық ұсынуға жол бермеу керектігі қатаң түрде тапсырылды, – деді басқарма басшысы.

Жұмысшы мамандықтар жылы аясында бірқатар жұмыстар қолға алынған. 45 жоғары сынып оқушысы аттестатпен қатар жұмысшы біліктілігі бойынша диплом алған. 121 студент кәсіпорындардың мақсатты тапсырысы бойынша оқуын аяқтап, жұмысқа кіріспек. 26 кәсіпорын тарапынан 17 колледжде шефтік көмек көрсетілуде. Өткен жылы 5895 түлектің 4951-і жұмысқа орналасқан. Биылғы жылы да бұл жұмыс жоғары деңгейде ұйымдастырылмақ.

Ғайһар АСҚАРҚЫЗЫ

СУДАН КЕЛЕР ҚАУІП КӨП

Биыл жаз маусымы басталмай күннің қатты ысып кетуі төтеншеліктердің де жұмысын оңайға соқтырмай отыр. Жылда Сырдария өзеніндегі белгіленбеген жерге шомылған азаматтардың түрлі себеппен қайғылы жағдайға ұшырауы өз өміріне салғарт қарауынан, мектеп жасындағы балаларға ата-ана тарапынан бақылаудың жоқтығынан екенін айтып төтеншеліктер дабыл қағуда.



Мамандардың айтуынша, жыл басталғалы облыс аумағындағы су айдындарында 3 адам қаза болса, оның 1-і бала екендігі анықталып отыр. Сөзіміз дәлелді болу үшін айта кетейік, өткен жылы 24 адам тілсіз жаудың құрбаны болса, оның 11-і бала екен. Құтқарушылардың жедел әрекетінің арқасында 9 адам ажалдан аман қалған.

– Адамдардың суға кетуінің негізгі себебі – қауіпсіздік ережелерін өрескел бұзуы. Өзен немесе арнаның зерттелмеген ағысы жылдам, терең, тік жар жеріне шомылуы, ішімдік ішіп, балалардың ересектердің бақылауынсыз суға түсуі және жүзе білмейтіндігі мәселені күрделендіріп, қайғылы оқиға орын алуа.

Бұған қоса, қауіпті аймақта рұқсат етілмеген жүзу құралын қолдануы бақытсыз жағдайдың санын көбейтуде. Сонымен қатар соңғы жылдары ұжым

мен оқу орындарындағы жастардың демалысын өзен мен көл жағасында ұйымдастыруы жиілеп кетті. Салдарынан демалыстың соңы бақытсыз жағдаймен аяқталуда. Рұқсат етілмеген су айдындарында терең жерлерден барынша сақтанған жөн екендігін ескертіп, суға шомылуға тыйым салынған 63 қауіпті аймақтың тізімі тіркеліп, 149 ескерту тактайшасы мен 92 бильборд орнатылған. Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында күнделікті тәулік бойы жауапты сала мамандарымен бірге полиция департаменті, жергілікті атқарушы орган қызметкерлері және еріктілермен 201 рейдтік жұмыс ұйымдастырылып, 20 мыңнан астам тұрғынға судағы қауіпсіздік ережесі түсіндіріліп, ұнпақ таратылды. Сондай-ақ профилактикалық жұмыстарға 225 еріктілер жұмылдырылды, – дейді облыстық төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғаныс басқармасы бастығының міндетін атқарушы Ғафур Ақмырзаев.

Суға түсуде сала мамандары айтқан сақтық шараларын қаперге алып, әсіресе балалар өміріне сақ болу керек. Қазақтың «Сақтансаң сақтаймын» деген тәмсілі осындайда айтылса керек. Балалар өмірі бәрінен қымбат екенін есте ұстайық.

Ғайһар АСҚАРҚЫЗЫ

Бүгінде қала аумағында жол жөндеу жұмыстары қаржын алған. Қалалық қоғамдық даму бөлімі жол жөндеу жұмысына қатысты пресс тур ұйымдастырды.

Алдымен БАҚ өкілдері Саяхат шағын ауданындағы И. Сейітов көшесі мен М.Шоқай көшесінен Қашқынбаев көшесіне дейінгі күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты.

Учаске бастығы Нұржан Бектібаевтың айтуынша, жолдың ұзындығы – 700 метр. Жөндеу жұмысына қосымша қаржы жұмсалған. Маусым айында асфальт төселіп, пайдалануға берілмек. Жоба бойынша мердігер мекеме – «РиА Сервис» ЖШС.

Мұнан соң қаладағы ауқымды жобалардың бірі – Әбілхайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейінгі аралықта Сырдария өзенінің қорғаныш бөгетін бекіту жұмысын көрдік. Жолдың ұзындығы 2,9 шақырымды құрайды. Бұл жерде 4 жолақты жаңа жол салынып, бөгетті нығайту жұмыстары да қатар жүргізілуде.



ЖОЛДЫҢ ЖАЙЫ САРАЛАНДЫ

– Құрылыс сәуір айынан басталды. Шілде айында тұрғындардың игілігіне берілмек. Барлық өнім Жанакорғаннан әкелінеді. Дарияның жағасы болғандықтан жолдың сапасы берік болуына баса назар аударылуда. Қазіргі таңда 25 техника жұмыс істеп

тұр. 100 техника тасымалдануда. 25 адам жол жөндеу жұмысына, 30 адам дарияның бөгетін нығайту ісіне бекітілген. Біздің мекеме салған жол сапалы болады деген сенімдеміз. Жолдың сапасын барынша жақсартамыз, – деді «Автомобиль

жол басқармасы» мекемесінің бөлім басшысы Нұрлан Парманқұлов.

Ақжүніс БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Журналистика мамандығының 1-курс студенті



Қосымша білімнің қаржылық жағы да маңызды фактор. Қазақстанда көптеген отбасы балаларын қосымша оқыту үшін ай сайын қомақты қаражат бөледі. Баға деңгейі әр елде әртүрлі. Мысалы, білімге ерекше мән беретін Оңтүстік Кореяда қосымша білімге жұмсалатын шығын 2024 жылы рекордтық деңгейге жетіп, жалпы сомасы 20,1 млрд АҚШ долларын құрады. «Asia News Network» жаңалықтар сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, бұл елде оқушылардың 80 пайызға жуығы қосымша сабаққа қатысады, әр студенттің жеке оқуына орташа айлық шығын 474 мың вон немесе шамамен 157 мың теңге құрап отыр. Жеке дайындықты қажет ететін жоғары сынып оқушылары арасында бұл сома тіпті 772 мың вонға (шамамен 270 мың теңге) жетеді. Ал Ұлыбритания сияқты батыс елдерінде баға біршама төмен болғанымен, жеке репетитор жалдау әдеті кең таралған. «The Sutton Trust» сайтындағы ақпарат бойынша, Англия мен Уэльсте 11-16 жастағы оқушылардың 27 пайызы кемінде бір рет жеке қосымша сабақ алған (Лондонда 41%). Жалпы, қосымша білім әлемде қомақты қаражат түсетін салаға, сондықтан оның

алатынын, яғни оқушыны сыныптағы 50 пайыздық деңгейден 66 пайыздық деңгейге дейін көтеретінін анықтады. Сондай-ақ мектептен тыс үйірмелерге қатысатын оқушылардың сабаққа қатысуы тұрақты, мотивациясы жоғары болып, тіпті мектепті тастап кету көрсеткіші төмен болатыны байқалады. Яғни, қосымша белсенділік оқушыны мектеп өміріне тартып, білімге қызығушылығын арттырады.

Қазақстанда нақты статистикалық зерттеулер аз болғанымен, тәжірибеге сүйенсек, қосымша дайындық курстары ҰБТ сияқты маңызды емтихандарда жоғары нәтижеге жетуге көмектеседі. Елде ұлттық бірыңғай тестілеуге, Назарбаев зияткерлік мектептері мен басқа таңдаулы білім ордаларына түсуге дайындайтын ірі орталықтар қалыптасқан. Мысалы, 10 жылдан аса тәжірибесі бар «Зерделі» білім беру орталығы бүгінде республика бойынша 18 өңірде 56 филиал ашқанын мәлімдейді, бұл мұндай курстарға сұраныстың қаншалықты жоғары екенін көрсетеді. Мұндай орталықтар мыңдаған түлекке қосымша сабақ беріп, олардың беделді оқу орындарына түсу көрсеткіші жоғары екендігін жарнама

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҚТАРЫ ТИІМДІ МЕ?



тиімділігін таразылау қаржы салымының өтелуі тұрғысынан да өзекті.

Қолжетімділік тұрғысынан қарағанда, Қазақстанда қосымша білім барлық балаға бірдей жетіп жатқан жоқ. «Pirpm.kz» сарапшылары ақпаратына сүйенсек, ел бойынша мектеп оқушыларының небәрі 29%-ы ғана қосымша біліммен қамтылған. Бұл көрсеткіш дамыған елдермен салыстырғанда өте төмен деуге болады. Мысалы, Германияда мектеп жасындағы балалардың 100%-ы, Норвегияда 90,6%-ы, Жапония мен Австралияда 90%-ы, АҚШ-та 83%-ы қандай да бір қосымша үйірме немесе курсқа қатысады екен. Көршілес Ресейде бұл көрсеткіш 75%, Беларусьте 46% шамасында. Демек,

Қосымша білім беру орталықтарының түпкі мақсаты – оқушының нақты нәтижеге қол жеткізуі. Ата-аналар баласының мектеп үлгерімі жақсарып, емтихандары сәтті тапсырып, болашақта жақсы мамандық иесі болғанын қалайды. Зерттеулер көрсеткендей, сапалы ұйымдастырылған қосымша сабақтар шынында да академиялық көрсеткіштерге оң әсер етеді. Мәселен, АҚШ-та жүргізілген мета-зерттеу жоғары қарқынды (жеке немесе шағын топпен, тұрақты әрі бағдарлы) өткізілетін репетиторлық сабақтар оқушылардың бір оқу жылындағы үлгерімін қосымша 3–15 айға алға жылжыта алатынын, яғни оқушыны сыныптағы 50 пайыздық деңгейден 66 пайыздық деңгейге дейін көтеретінін анықтады. Сондай-ақ мектептен тыс үйірмелерге қатысатын оқушылардың сабаққа қатысуы тұрақты, мотивациясы жоғары болып, тіпті мектепті тастап кету көрсеткіші төмен болатыны байқалады. Яғни, қосымша белсенділік оқушыны мектеп өміріне тартып, білімге қызығушылығын арттырады.

етеді. Расында, қосымша сабақ арқылы көптеген оқушы математика, тіл сияқты пәндерден базалық білімін нығайтып, олимпиадаларда топ жарып, не халықаралық тесттерде жоғары балл жинап жүр.

Қосымша білімнің пайдасы емтихан нәтижесінен де кеңірек. Мысалы, бала музыка мектебіне немесе сурет студиясына барса, шығармашылық қабілеті дамиды, спорт секциясына қатысса, тәртіп пен еңбек-қорлықты үйренеді, робототехника үйірмесіне барса, техника мен инженерияға қызығушылығы оянып, болашақ мамандық таңдауына ықпал етуі мүмкін. Бұл тұрғыда мектептен тыс ғылыми жобалар, тілдік сертификаттар, спорттық жетістіктер сияқты қосымша білім нәтижелері оқушының портфолиосын байытады.



көптеген мемлекетте балалар үшін сабақтан тыс дамыту үйірмелері қалыпты және қолжетімді нәрсе саналады. Ал Қазақстанда бұл бағыт әлі де даму сатысында.

Нәтиже бар ма?

Қосымша білім беру орталықтарының түпкі мақсаты – оқушының нақты нәтижеге қол жеткізуі. Ата-аналар баласының мектеп үлгерімі жақсарып, емтихандары сәтті тапсырып, болашақта жақсы мамандық иесі болғанын қалайды. Зерттеулер көрсеткендей, сапалы ұйымдастырылған қосымша сабақтар шынында да академиялық көрсеткіштерге оң әсер етеді. Мәселен, АҚШ-та жүргізілген мета-зерттеу жоғары қарқынды (жеке немесе шағын топпен, тұрақты әрі бағдарлы) өткізілетін репетиторлық сабақтар оқушылардың бір оқу жылындағы үлгерімін қосымша 3–15 айға алға жылжыта

Қазақстанда нақты статистикалық зерттеулер аз болғанымен, тәжірибеге сүйенсек, қосымша дайындық курстары ҰБТ сияқты маңызды емтихандарда жоғары нәтижеге жетуге көмектеседі. Елде ұлттық бірыңғай тестілеуге, Назарбаев зияткерлік мектептері мен басқа таңдаулы білім ордаларына түсуге дайындайтын ірі орталықтар қалыптасқан. Мысалы, 10 жылдан аса тәжірибесі бар «Зерделі» білім беру орталығы бүгінде республика бойынша 18 өңірде 56 филиал ашқанын мәлімдейді, бұл мұндай курстарға сұраныстың қаншалықты жоғары екенін көрсетеді. Мұндай орталықтар мыңдаған түлекке қосымша сабақ беріп, олардың беделді оқу орындарына түсу көрсеткіші жоғары екендігін жарнамалайды. Расында, қосымша сабақ арқылы көптеген оқушы базалық білімін нығайтып, олимпиадаларда топ жарып, не халықаралық тесттерде жоғары балл жинап жүр.

Қосымша білім беру орталықтары оқушыға жаңа мүмкіндіктер ашып, білім көкжиегін кеңейте алады. Әсіресе сапалы білім бағдарламасы мен білікті мұғалім бар орталықтар баланың мектептегі үлгерімін жақсартып қана қоймай, шығармашылық, кәсіби бағытын табуға көмектеседі. Алайда бұл жүйенің тиімділігі – қолжетімділігі мен сапасында. Егер қосымша сабақтар тек қалталыға тиімді болып, сапасы төмен болса, ол білімдегі теңсіздікті күшейтіп, ата-ана үмітін ақтамауы мүмкін. Ал қолжетімді әрі мазмұнды қосымша білім барлық балаға жетсе, оның нәтижесі де жемісті болмақ. Ең бастысы, қосымша білім негізгі мектеп бағдарламасын алмастырмай, оны толықтырып, баланы күйзеліске түсірмей, пайдалы болатындай ұйымдастырылуы қажет. Сонда ғана ата-ананың ақшасы мен баланың еңбегі өз жемісін беріп, қосымша білім болашаққа салынған тиімді инвестицияға айналмақ.

Қазіргі таңда білім – жай ғана диплом алудың құралы емес, ол адамның өмірлік жолын, қоғамдағы орнын айқындайтын басты фактор. Бәсекеге қабілетті, ойы жүйрік, білімді ұрпақ тәрбиелеу – мемлекеттің де, қоғамның да маңызды міндеті. Осы мақсатта елімізде соңғы уақытта көптеген жаңа форматтағы білім беру орталығы ашылып, нәтижелі жұмыс істеуде. Соның ішінде өңірде білім беру сапасымен көпшіліктің көңілінен шыққан «Зерделі» ақыл-ой дамыту орталығы бар.

Бастапқыда шағын ғана топпен, небәрі 24 шаршы метр жерде басталған білім беру жобасы қазір республика деңгейінде мойындалып, еліміздің 18 өңірінде 56 филиалы бар үлкен білім беру орталығына айналды. Мұның артында қандай еңбек, қандай ізденіс, қандай жаңашылдық бар екені көпшілікті қызықтырады анық.

Орталық директоры Оразхан Жаңайұлы «Зерделі» орталығының құрылу тарихын ерекше ықыласпен еске алады. Оның айтуынша, негізгі мақсат – қазақ балаларының халықаралық олимпиадаларда топ жаруына мүмкіндік жасау еді. Себебі сол кезде елімізде қазақ тілінде олимпиадаға дайындайтын сапалы оқу құралдары да, дайындық орталықтары да жоқтың қасы еді. Осы олқылықты жоюға бел шешкен тәжірибелі ұстаз, «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектептері мен орталықтарының бас директоры Ырысбек Мәуіт бастаған шағын топтың ұмтылысы бүгінде мыңдаған қазақ баласының әлемдік білім бәйгесінде жеңіске жетуіне себепші болып отыр.



**Оразхан ЖОЛДАСБАЙ,
«Зерделі» ақыл-ой дамыту орталығының директоры:**

БАЛАЛАРДЫ ЖАҚСЫ КӨРЕТІН ҰСТАЗ ҒАНА НӘТИЖЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛАДЫ

– Бастапқыда бізді қолдаушылар да аз болды, материалдық жағдай да күрделі еді. Бірақ мақсатымыздың дұрыстығына сендік. Бүгін, міне, 11 жыл өткенде, алғашқы арманымыз орындалды деп айта аламын. Біздің орталықтан шыққан оқушылар халықаралық олимпиадаларда ғана емес, Назарбаев Зияткерлік мектептеріне, еліміздің ең үздік оқу орындарына да түсіп, зор жетістіктерге қол жеткізіп жатыр. Расында, алғаш олимпиадаға даярлық бағытында құрылған орталық жылдар өте келе қызмет аясын кеңейтті. Уақыт өте халықтың сұранысымен Назарбаев зияткерлік мектептеріне (NIS) түсуге дайындық, ұлттық бірыңғай тестілеуге (ҰБТ) даярлық, сондай-ақ түрлі халықаралық білім байқауларына дайындық курстары қосылды. «Бүгінде «Зерделі» орталығында 2-сыныптан 11-сыныпқа дейінгі оқушылар математика, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі және жаратылыстану бағытындағы барлық негізгі пәндер бойынша білім алады. Біз офлайн білім берумен қатар, 2019-2020 жылдары онлайн оқыту форматын енгіздік. Мақсат – шапшаң ауылдағы балаларға да білімді қолжетімді бағамен ұсыну», – дейді орталық басшысы.

Орталық жұмысын ұйымдастырудағы өзіндік жүйе бес бағыттан тұрады. Біріншісі – негізгі білім беру процесі (онлайн және офлайн оқыту) болса, екіншісі – дарынды балаларды олимпиадаға дайындау және республикалық білім бәйгелерін ұйымдастыру. Үшінші бағыт – оқу әдістемесін жетілдіру, яғни қазақ тілінде сапалы оқу құралдарын әзірлеу. Төртіншісі – цифрлық платформа арқылы оқу үрдісін заманауи технологиялармен ұштастыру. Бесінші бағыт – «Зерделі көмегі» атты әлеуметтік жауапкершілік бағдарламасы.

– Білім беру ісі нәтижелі болуы үшін ең алдымен мұғалім мықты болуы керек. Одан кейін қолындағы оқулықтары мен бағдарламасы сапалы болуы тиіс. Мұғалім мен оқу бағдарламасы мықты болған соң, оқушыны түрлі білім бәсекесіне дайындап, қабілетін шыңдай аламыз. Ал сол білім бәйгелерінде бағалау процесі «Зерделі талант» олимпиадалық бөлімі арқылы жүзеге асады. Осы төрт бағыттан бөлек қаржылық, әдістемелік тағы басқа мәселелерді шешуге бесінші бағыт бар, – дейді Оразхан Жаңайұлы.

«Зерделі» мұғалімдерді жұмысқа қабылдау талабы жоғары: орталыққа жұмысқа орналасатын әр педагог өзі сабақ беретін пәнінен тест тапсырып, 60%-дан жоғары нәтиже көрсетуі шарт, содан кейін ғана сұхбаттасу кезеңінен өтеді. Тәжірибелі мұғалімдермен қатар, орталық жас педагогтарды да қанаттандырады. Университеттің 3-4 курс студенттері білімді болса, сынақ тест пен сұхбаттан соң, арнайы үш айлық тағылымдамадан өтіп, тұрақты жұмысқа қабылданады.

– Бізде өте мықты тәжірибелі ұстаздар бар және мықты мамандар

студенттерді үйретіп, тәжірибесімен бөлісіп отыруы керек. Жалпы мұғалімдерге қойылатын басты талап – бірінші кезекте жауапкершілік, екінші – шәкіртке деген шынайы махаббат. Балаларды сүйіп оқытқан ұстаз ғана нәтижеге қол жеткізе алады, – дейді орталық директоры.

Орталық мұғалімдерді әлеуметтік тұрғыда ынтылдандырып отырады. Бүгінде «Зерделі» компаниясы 30-дан астам мұғалімге және 30 қызметкеріне баспана және автокөлік алып берген. Мұндай қолдау педагогтардың алаңсыз жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

– Біз он жыл бойы жетілдірген өзіндік бағалау жүйесі арқылы ата-ана баласының деңгейін тұрақты бақылап отыруына жағдай жасадық. Мұндай кері байланыс басқа ешбір орталықта жоқ, – дейді директор.

Орталыққа білім алуға келген оқушы ең алдымен тест тапсырып, бастапқы білім деңгейі анықталады. Соның негізінде оқушы өз деңгейіне сәйкес топқа бөлініп, оқу бағдарламасына бейімделеді. Оқушылардың білімі ай сайынғы мониторингтік тест арқылы тексеріліп, нәтижесі ата-анаға хабарланады. Бұл сынақтар Назарбаев мектептеріне қабылдау емтиханының, PISA халықаралық зерттеулерінің және ҰБТ сұрақтарының үлгісінде құрастырылған, сондықтан балаларға қосымша тәжірибе болады. Әрайдың соңындағы тест күні орталықта бөгде кезекшілер тағайындалып, балалардың білімін объективті бағалау қағидасы қатаң сақталады. Сонымен қатар әр сабақтан соң кешікісін мұғалім ата-анаға хабарласып, оқушының сол күнгі жетістіктері мен кемшіліктерін жеке баяндап береді. Осындай ашықтықтың арқасында ата-ана мен орталық арасында толық түсіністік орнаған. Сапа бақылау бөлімі де тұрақты түрде ата-аналармен байланысып, әр ұстаздың оқыту сапасына тәуелсіз бағалау жүргізіп отырады.

– Орталықта оқушыларды ынтылдандыруға ерекше көңіл бөлінеді. Егер ынтылдандыру, мотивация болмаса, білім беру бірсарынды күйге түсіп, тиісті нәтиже бермей қалады. Сондықтан үздік шәкірттерге арнайы сыйлықтар мен мүмкіндіктер қарастырылған. Мәселен, орталық ұйымдастырған бастауыш сынып оқушыларына арналған республикалық «Алтын Сақа» челленджінде жеңіске жеткен бүлдіршіндер ата-анасымен бірге Сингапурге саяхаттап, әлемдік озық білім ордаларымен танысып қайтты. ҰБТ бағытында жоғары нәтиже көрсеткен түлектерге де бағалы сыйлықтар беріледі: республикалық көрсеткіш бойынша ең үздік атанған оқушылар соңғы үлгідегі iPhone смартфонна және 5 миллион теңгеге дейінгі қаржылай сыйақыға қол жеткізе алады. Өткен оқу жылында дәл осындай марапатқа 140 ұпайдың 140-ын жинаған зерделілік түлек ие болды. Бұдан бөлек, әр облыста

өз қатарластарынан озып шыққан түлектерге де жеке сый-сияпат табысталып келеді. Орталықтағы ай сайынғы сынақтарда жақсы нәтиже көрсеткен оқушыларға шәкіртақы тағайындау жолға қойылған, – дейді Оразхан Жолдасбай.

Орталық олимпиадаларды дәстүрлі түрде өткізіп келеді. Мысалы, мектеп оқушылары арасында «Алтын сақа», жоғары сыныптарға арналған «Алтын түлек» және мұғалімдерге арналған «Алтын Тұғыз» атты білім бәйгелері жыл сайын ұйымдастырылады. Орталық шәкірттері көптеген халықаралық жарыста ел мерейін үстем етуде. Быыл математикадан өткен «Copenicus» олимпиадасында «Зерделі-Тараз» оқушысы топтық кезеңде бас жүлдені жеңіп алып, Қазақстанның намысын абыроймен қорғады. Ал Ташкент қаласында өткен ТЕМО халықаралық олимпиадасына қатысқан үш бірдей зерделілік шәкірттің біреуі алтын, біреуі қола медаль енішіп қайтты. Тіпті, орталықтың 5-сынып оқушылары 7-8 сыныптарға арналған республикалық пән олимпиадаларында жүлде алып жүр, үш жыл қатарынан «Зерделінің» бір 5-сынып шәкірті 7-8 сынып оқушылары арасындағы олимпиадада топ жарып, дарынды жас ретінде танылды.

– Соңғы он жылда NIS емтихандарынан жоғары нәтиже көрсеткендер, ҰБТ-дан ең жоғары ұпай жинаған түлектер мен түрлі білім сайыстарының жеңімпаздарының басым бөлігі – біздің шәкірттеріміз. Бұл – біз үшін зор мақтаныш. Орталықтың ендігі мақсаты – жеткен жетістіктермен тоқтап қалмай, ауқымын одан әрі кеңейту. Жаңа бағыт ретінде «Зерделі» орталығын әлемдік аренаға шығару ойымыз бар. Күні кеше Дубайда бір филиалымызды ашу жөнінде келіссөз жүргізіп келдік. Былтыр Ташкентте де осындай келіссөздер жасалдық, – дейді орталық директоры жетістіктер жайында.

Алдағы уақытта орталық «Zerdeli» брендіндегі жеке колледж және университет ашуды жоспарлап отыр. Сондай-ақ он жыл бойы жинаған әдістемелік тәжірибесін ғылыми негізде жүйелеу мақсатында ұлттық деңгейдегі зерттеу институтын құруды көздейді. Қарапайым бастамадан үлкен жетістіктерге қол жеткізген «Зерделі» бүгінде мыңдаған жастың білімге деген құштарлығын оятып, талай талапты балаға оң бағыт берді. Шағын бөлмеде тұтанған шырақ бүгінде республикамыздың түкпір-түкпірінде алаулап, білімге ынтық балалардың талабын ұштап келеді. Орталық басшысы Оразхан Жолдасбай бастаған ұжымның табанды еңбегі – сапалы білім беруге үлес қосып келеді. Алдағы уақытта «Зерделі» ұжымы осы зияткерлік жолдағы шамшырақты сөндірмей, білім көкжиегін кеңейтуге әрі талай баланың қабілетін ашуға ынтылы.

София ХАЙРУЛЛА

ҚЫЗЫЛОРДА АСТАНА БОЛҒАНДА

ТАРИХТАН СЫР ШЕРТКЕН ҒИМАРАТТАР

2. Құтқарушы Христос шіркеуі ғимараты (республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші) – Ақмешіт бекінісі патшалы Ресей әскерінің келуімен Перовск бекінісі болып өзгертілді. Перовск бекінісінде христиан дінін уағыздаушылар көбейіп елеулі рөл атқарады. Бекініске шіркеу қажеттігі туындап, 1855 жылы жылжымалы шіркеу ашылады. Оның негізін салушы поп Л.Гороховский болды. 1890 жылы шіркеудің жаңа ғимараты салына бастайды. Бұл құрылыс 1896 жылы пайдалануға беріледі. Шіркеу кең тараған жобаның баламасы. 1895-1939 жылдары орыс шіркеуі, 1939-1957 саяси қуғын-сүргінге ұшырағандардың отбасылары өмір сүрген, 1957-1980 жылдар аралығында облыстық музей, 1980-1991 жылдары бос тұрған. 1991 жылдан бастап Шіркеу ретінде халыққа қызмет көрсетуде. 2014 жылы республикалық бюджет тарапынан қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

3. Бұрынғы қыздар приход училищесі ғимараты (жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші) – 1878 жылы инженер, генерал Брюноның жобасы бойынша негізгі қаланың, қыздар приход училищесі болып ашылды. Кейіннен мұнда Перовск орыс-қазақ училищесі, 1925-1929 жылдары Қызылорда астана болған жылдары ең алғаш республикадағы баспахана осы ғимаратта орналасқан. Атап айтсақ, мұнда Еңбекші Қазақ (Егемен Қазақстан) және Советская степь (Казахстанская правда) газеттері орналасты. Кейінгі жылдары бұл ғимаратта аяқ киім фабрикасы орналасып, тоқсаныншы жылдары жекешелендіру уақытында жекеменшікке өтіп, сауда орны ретінде пайдаланылып келеді.

4. Бұрынғы казарма ғимараты (жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші) - Қызылорда қаласының қалыптасу тарихындағы алғашқы сәулетті құрылыстардың бірі. Ғимаратта 1884-1920 жылдары әскери казарма, 1920-1990 жылдары әскери комиссариаттың шақыру пункті орналасса, 1990-2005 жылдары ғимарат бос тұрған. 2005 жылы ғимаратқа реставрациялық жұмыстар жүргізіліп, 2014 жылға дейін Қызылорда облысының мәдениет, тілдерді дамыту, құрылыс,

Басы 1-бетте



кала құрылысы және сәулет басқармалары және Қызылорда облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау орталығы орналасты. 2014 жылы облыстық бюджет тарапынан қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

5. Теміржолшылар клубы ғимараты (жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші) – теміржол саласында қызмет атқаратын жұмысшыларға арналған клуб ретінде тұрғызылған. 1924-1990 жылдар аралығында В.И.Ленин атындағы теміржолшылар клубы ретінде жұмыс істесе, 1991 жылы жекеменшікке өткен. 2000 жылы мемлекет меншігіне қайтарылды. Ғимаратта 2000-2015 жылға дейін халық шығармашылығын дамыту орталығы, 2015-2024 жылдар аралығында облыстық филармония орналасса, қазіргі таңда Қызылорда қалалық жастар театры орналасқан. 2009 жылы облыстық бюджет тарапынан қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді.



6. Теміржол милициясы ғимараты (қазіргі Ақмешіт музейі) (жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші) – Орынбор-Ташкент теміржол құрылысын салу кезіндегі кешенді құрылыстардың бірі ретінде салынды. Ғимаратта 1905 жылдан 2000 жылдарға дейін Теміржол саласындағы милиция бөлімшесі орналасқан. 2004 жылы ғимарат қайта жаңғыртудан өтіп, Ақмешіт музейі болып ашылып, халыққа қызмет көрсетіп келеді.

7. № 5 дүкен ғимараты (жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші) – Орынбор-Ташкент теміржол құрылысын жүргізу кезіндегі кешенді құрылыстардың бірі. Сауда орны ретінде салынған. Бүгінгі күнге дейін дүкен ретінде пайдаланылып келеді. Ғимарат 1991 жылы жеке меншікке өткен.



8. Теміржол вокзалы ғимараты (жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші) – Ташкент-Орынбор теміржолын салу кезінде тұрғызылған. Орынбор-Ташкент темір жолы – 1901-1905 жылдары салынып, пайдалануға берілген. Жалпы ұзындығы 2090 км, оның ішінде қазақ жері арқылы өтетін бөлігі 1660 км. Орынбор-Ташкент темір жолын салу ісі ІІ Николай патшаның 1901 жылдың 21 сәуіріндегі бұйрығы негізінде қолға алынған.

9. Қалалық монша ғимараты (жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші) – 1905 жылы салынған. 1991 жылы ғимарат жекеменшікке өтіп, бүгінгі күнге дейін монша қызметін атқарады. Ғимарат бір қабатты күйдірілген қыштан, тікбұрышты кескін жоспарында. Іргетасы ленталық бетоннан. Ішкі қабырғалары әктелген. Шатырының екі жағы да еңісті, қаңылтырмен жабылған.

10. Транспорттық прокуратура ғимаратында (жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші) – 1905-1990 жылдары Транспорттық прокуратура орналасқан. Бір қабатты ғимарат күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Жоспар бойынша ІІ-үлгісінде салынған. Іргетасы тастан қаланған. Ғимарат ҚР ішкі істер министрлігінің көліктегі ішкі істер департаментінің Қызылорда станциясындағы ішкі істер желілік бөлімінің қоймасы ретінде пайдаланылуда.

11. Көркемсурет шеберханасы ғимараты (жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші) – 1905-1990 жылдары көркемсурет шеберханасы қызметін атқарған. Бір қабатты, күйдірілген кірпіштен қаланған. Іргетасы ақ тастан қаланған. 1991 жылы жекеменшікке өткен. Қазіргі уақытта тұрғын үй ретінде қызмет атқарады. Көне ғимараттар – қала тарихының куәгері. Алайда уақыт өте келе ғимараттарды қалпына келтіруді қажет етеді. Әрине, бұл жұмыстарды олардың бастапқы келбетін сақтай отырып жүргізу керек. Күтімі жолға қойылған жағдайда ғана көне ғимараттарды сақтап, ертеңгі ұрпаққа жеткізе аламыз деп ойлаймын.

Е.А.ДІНАЗАРОВ,
облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау орталығы
КММ басшысы

МҰРАЖАЙ ТАҒЫ БІР
ЖӘДІГЕРМЕН ТОЛЫҚТЫ

Мұражайға тапсырылған бұл етік – балуан Серәлі аяғынан шешпеген, талай күрес пен тойды көрген жәдігер. Ол – бір отбасының тарихы, бір халықтың болмысы, қазақтың қол-өнері мен дәстүрінің үлгісі. Етіктің қонышы былғарыдан тігілген, тізеге дейін жететін ұзын, табаны қалың, іші киізбен астарланған. Бұл етік қазақтың көшпелі өмір салтына өте ыңғайлы болған. Әсіресе қыстың суығында ат үстінде жүрген балуан үшін жылы әрі мықты аяқ киім болғаны анық.



– Бұл саптама етікті Серәлі балуанға туған інісі Жүрәлі өз қолымен арнайы тігіп берген. Бұл олардың арасындағы бауырмалдықты және шеберлікті көрсетеді. Кейін Серәлі етікті баласы Нағашыбекке мұра етіп қалдырған. Енді міне, осы күнге дейін сақталып, мұражай төрінен орын алды. Етіктің өзі көп нәрсені баяндап тұрғандай. Оң жақтағы жамау, екі тарамыспен ішке қарай тартылып тігілген тігіс, аласа өкше – бәрі де сол заманның көлөнер шеберлігінің дәлелі. Табанының өлшемі – 44, биіктігі – 46 см, бұл Серәлінің ірі денелі болғанын білдіреді, – дейді жоба жетекшісі Айнұр Нұрылдаева.



Серәлі балуан тек күреспен ғана емес, көлөнермен де айналысқан. Ол мәсі, кебіс, етік тігумен қатар, атқа ер-тоқым жасаған, ағаштан сандық, шкаф сияқты жиһаздар да жасаған. Оның ұрпақтарында әлі күнге дейін сақталған сол заманнан қалған шкаф пен сандық бар. Бұл Серәлінің жан-жақты дарынды адам болғанын көрсетеді.

Серәлінің жары Ажар да ерекше жан болған. Ел аузында ол туралы да көптеген әңгіме бар. Олар бірнеше баласынан айырылып, кейін Қызылорда қаласына көшіп келген. Серәлі құрылыспен айналысса, Ажар аспаз болған. Сонымен қатар қара жұмысты да істеген. Келіні Несібелі Әбішқызының айтуынша, кетпеймен топырақты алапат күшпен лақтырып жатқан Ажар әжемізге қасынан өтіп бара жатқан бір салт атты кісі «Паһ, шіркін!» деп таңғалыпты. Ажар әже сол мезетте көз тиіп, талып қалған екен. Тексерілсе, көкірек тұсында қара дақ пайда болыпты, Ажар әже оны «көзден қадақ түсті» дейді екен.

Басы 1-бетте

– Ажар әже кейін емделіп, 1 ұл, 1 қызды дүниеге әкеледі. Ұлы – саптама етікті сақтап отырған Нағашыбек болса, қызы – Баян. Ажар әже бала-шағасының ортасында 83 жасқа дейін өмір сүрді. Серәлінің екінші жары Нұрыштан 4 ұл дүниеге келді. Осылайша, Серәлі балуаннан 5 ұл, 1 қыз өрбіген. Бүгінде балуан, ұста-шебер Серәлі Дүйсенұлының ұрпақтары бір қауым ел. Оның шөбересі Жандосұлы Жігер де балуан, ол ата жолын жалғастырып келеді. Жігер облыстық, республикалық күрес жарыстарында жүлделі орындарға ие болып жүр. Бұл жәдігер музей төрінен өз орнын алып, келушілерге көлөнерді паш етеді деп сенеміз, – дейді А.Нұрылда



Серәлі балуан күрес өнерін жетік меңгерген, ешқашан жауырыны жерге тимеген алып күш иесі болған. Ол ауыл тойлары мен жиындарда танылып, аты жылдам тараған. Ел мақтаған балуанды Қара бай өз қамқорлығына алып, жеке балуаны болуға шақырған. Ел аузындағы деректерде оның күрес үстіндегі қаһарлы жүзі, айбынды келбеті адамды сескендіргені айтылады.

– Бір күні Қызылорда теміржол вокзалында ас-су ішіп тұрған Серәлі ағамызға Ташкент-Мәскеу бағытында жарысқа бара жатқандар кезігеді. Пойыздан түскен бір топ адамның ішінен орыс азаматы Серәлі ағамызға жақындап, ағамыздың ірілігін сөз етіп, «күшінді сынайын» деп, күресуге шақырады. Серәлі ағамыз келісіп, әлгі орысты алып ұрады екен. Мәскеуге жарысқа бара жатқан әлгі орыс балуаны «мен жеңілдім, енді менің жолым болмайды» деп кері қайтқан екен, – дейді келіні Несібелі Әбішқызы.



Серәлінің Жүрәлі есімді інісі де өнерлі болған. Музейге ұсынылған саптама етікті Жүрәлі ағасы Серәліге арнайы тіккен. Яғни етік атақты балуанның туған інісі Жүрәлінің қолынан шыққан. Серәлі өз уақытында киіп, кейін баласы Нағашыбекке мұраға қалдырған. Бұл қунды жәдігер Серәлі балуанның талай жеңісінің куәгері дерсіз.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА

ҮШ АЯҚТЫ АКУЛА НЕНІ МЕҢЗЕЙДІ
немесе арзан күлкінің қаупі

«Тралалейло Тралала» – бұл мем-де жасанды интелекптен жасалған үш аяқты акула бейнеленген, ол аяғына Nike брендінің аяқ киімін киіп, «tralalelo tralala rogo dio e rogo Allah» деп қайталайды. Тілі түсініксіз, бірақ жеңіл, жаттанды әрі күлкілі. Мағынасы ше? Google аудармашының көмегіне сүйеніп аударып көрдік. Нәтижесінде, «tralalelo tralala сөзін шошқа құдай» деп аударып берді. Әрине, бұл толық-қанды дұрыс аударма болмауы да мүмкін. Дегенмен дінді қорлап, мазақ ететін бұл мәтіннің аудармасы қорқынышты.

«Бомбардиер Крокадило» – бұл крокадилдің басы мен әскери бомбалаушы ұшақтың денесін біріктірген гибридті кейіпкер. Оның мәтіні: «Bombardino Crocodilo un fottuto alligatore volante che vola e bombarda i bambini a Gaza e in Palestina. Non crede in Allah e AMA le bombe». Бұл мәтінді Google аудармашы «Бомбардино Крокодило – Газа мен Палестинада балалардың үстінен ұшатын және бомбалайтын аллигатор. Ол Аллаға сенбейді және бомбардирды жақсы көреді» деп аударды.

Тізбектей берсек, бұлардың саны өте көп, есепсіз. Біріктіретін бір белгісі, бұл бейнелердің бәрі әлеуметтік желіге «#brainrot» хэштегімен таралып жатыр. Ол – «мидың шіруі» деген мағына береді. Қазіргі таңда

Басы 1-бетте

TikTok желісінде осы хэштегпен 1,5 миллионға жуық бейне жүктелген. «Brainrot» – жай ғана интернет термині емес. 2024 жылы Оксфорд сөздігі оны «жыл сөзі» деп жариялаған. Сол жылы АҚШ-тағы Сан-Диего университетінің психологтары жүргізген зерттеуінде 8-12 жас аралығындағы балалардың контентке тәуелділігі артып келе жатқаны көрсетілген. Олардың айтуынша, жасанды интелекптен жасалған бейнелер адамның мыын ұзақ мерзімді көңіл көтеруге емес, «шоқ» пен «реакцияға» үйретеді. Бұл баланың зейінін тұрақсыз етеді.

Бұл жерде туатын сұрақ: ЖИ жасап берген контенттің шекарасы бар ма? Біз күлкі үшін қарап жүрген бейнелер баланың логикалық қабілетін, тілдік мәдениетін, өмірді тану дағдысын бұзып жатқан жоқ па?

– Қазіргі таңда әлеуметтік желілерде кеңінен таралып жатқан жануарлар кейіпмен біріктірілген максатсыз видеолар, баламалы мағынада жасалғандығы туралы естіп жатырмыз және де зерттей келе көзіміз жетуде. Әрине, мұндай максаттағы видеолар ересек адамдардың көңілін аудармасы анық, бірақ әлі ой өрісі толық дамымаған балаларға кері әсерін тигізетін сөзсіз. Қазіргі жасөспірімдер мен бүлдіршіндеріміздің ой-санасын улау және қате түсініктерді «дұрыс» деп ойлату өте оңай болып кетті.

Осы себепті енді өсіп келе жатқан баланың дамуы мен сөйлеу тілі бұзылып, кешеуілдеу көп. Бұл жерде балалардың дұрыс дамуына және алдағы өмірінде зияны тимеуіне қоғамның және ата-аналардың атқаратын қызметі зор. Ол үшін балаларымыздың не нәрсесмен айналысатындығынан бөлек, қандай бағыттағы видео-материалдар, мультфильмдер көретіндігіне аса мән беріп назар аударуға шақырамын. Бала болашағы – басты назарда болуы қажет, – дейді «Sirius» инклюзивті мектепке дейінгі ұйым меңгерушісі, педагог-психолог Досмұхаммед Сұлтанбекұлы.

Ата-ана мен қоғам енжар қалмауы керек. Баланың не көріп жүргеніне мән беру – бұл бақылау емес, жауапкершілік. Балаларға мемдерге балама боларлық сапалы мультфильмдер, ұлттық кейіпкерлер, шынайы мазмұн ұсыну – уақыт талабы. Әлеуметтік желілерден алыстату емес, сапалы пайдалану мәдениетін қалыптастыру қажет.

Жануарлар кейіпіндегі мемдер – бүгін күлкілі, бірақ ертеңгі ұрпақтың ойлау жүйесіне сокқы болуы мүмкін. Бұл жай ғана тренд емес, баланың дамуына ықпал ететін қуатты құрал. Біз бұған бейжай қарамауымыз керек. Өйткені арзан күлкі болашағымызға қауіп.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА

Меншік иесі:

СЫР
МЕДИАжауапкершілігі
шектелуі серіктестігі**Бас директор**
Марат АРАЛБАЕВ**Қызылорда қалалық «Ақмешіт**
апталығы» газетінің редакциясы**Бас редактор**
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)**Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘБІМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтанның көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәзімметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4391 Тапсырыс №857

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА